

Сабақтың тақырыбы: Деформация	Мектеп: «№3 орта мектебі»КММ	
Күні:14.12.2017.	Мұғалімнің есімі: Аяпбергенова Ж.О.	
СЫНЫП: 7	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар:
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	7.2.2.3 – пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:	
	<ul style="list-style-type: none"> Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. Серпімділік күші, деформация және Гук заңы туралы негізгі ұғымдарды қалыптастырады. 	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	<ul style="list-style-type: none"> Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. 	
	Кейбір оқушылар:	
	<ul style="list-style-type: none"> Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. 	
Бағалау критерийі	Жеке, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
Тілдік күзiреттiлiк	Жаңа бiлiм	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Ағылшын тілі, қазақ тілі, математика.	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы	Топқа бөлу 2 минут Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. Психологиялық ахуал қалыптастыру: 1 минут	1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер»
Ортасы 30 минут	<u>Білу және түсіну 15 минут</u> 1. <u>Үй тапсырмасы бойынша шолу сұрақтары Білімланд сайтынан видеоүзінділер «салмақ», «ауырлық күші» тақырыбында берілген тапсырмаларды орындау, талдау.</u> 2. <u>«БІСТЫҚ ОРЫНДЫҚ»</u> әр топтан өзара келісе отыра 1-1 оқушыдан шығады. Топтардың сұрақтарына жауап береді. <u>Оқулықпен жұмыс.</u> Әр топқа тапсырма беріледі. Бастамас бұрын бүгінгі тақырып бойынша өз деңгейлерін «Блоб ағашы» арқылы суреттейді. <i>Әр топ өздеріне берілген тапсырма бойынша жұмыс</i>	«Броундық қозғалыс» әдісі арқылы түсіндіріледі.

жасап,талдап ортаға салады. Әр топтан 1-2 оқушыдан шығып постер қорғайды.

Уақыт: 15 минут

Деформация дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?

Осы сұрақтарға бүгін өтілетін сабақ жауап береді.

Денелердің күш әсерінен формасы мен көлемінің өзгеруі деформация (Deformation) деп аталады

Деформация себебі: атомдардың арақашықтығын өзгерткенде олардың арасындағы күштер де өзгеріске ұшырайды және ол күштер денені бастапқы қалпына әкелуге тырысады.

1. Денеге күштіңәсер етуін тоқтатқаннан кейін ол дене бұрынғы қалпына қайтып келсе, ондай деформацияны серпімді деп атайды.

2. Денеге күштіңәсер етуін тоқтатқаннан кейін ол дене бұрынғы қалпына қайтып келмесе, ондай деформацияны серпімсіз деп атайды.

Серпімсіз денелерде серпімділік күштері болмайды!

Серпімді деформация үшін Гук заңы : Деформация кезінде пайда болатын серпімділік күші дененің абсолют ұзаруына (сығылуына) тура пропорциональ.

$$F = kx$$

k- дененің қатаңдығы, Н/м

x- дененің созылу немесе ұзару шамасы, м

Күшті өлшейтін арнайы құрал – динамометр қолданылады.

Динамометрдің әртүрі бар:қол динамометрі, тарту

динамометрі, мектеп динамометрі

Осы тақырыпқа қатысты терминдерді ағылшын тілінде үйренейік.

Топтың өзара бағалауы жүргізіледі.

Жаңа тақырыптың мазмұнын игеру деңгейін «Блоб ағашы» арқылы суреттейді.

Жаңа сабақты бекіту тапсырмалары (топқа).

№1 Сәйкестендіру Уақыт: 3-4 минут

қазақша	орысша	ағылшынша
Күш	Сила	Force
Серпімділік	Упругость	Resiliens
Деформация	Деформация	Deformation
Созылу	Растяжение	Deformation
Сығылу	Сжатие	Compression
Серпімді	Упругий	resilient
Пластикалық	Пластичный	Plastic

	<p><u>Бекіту: Қалыптастырушы тапсырмалармен жұмыс.</u></p> <p><u>Әр топтан жекелеген оқушылармен жұмыс. Тапсырма бойынша өз ойларын бекітеді.</u></p> <p>Жалпыға арналған тапсырма: Оқушылар тақырып аясында сұрақтар құрастырады. Сұрақтар тақтаға ілінеді. Оқушылар бір-бірінің сұрақтарына жауап береді.</p>	
--	--	--

<p>Аяқталуы 5минут</p>	<p>Синтез. Сұрақ-жауап. «Серпілген сауал» әдісі арқылы оқушылардың білімін бекіту.</p> <p>Уйге тапсырма беріледі.</p>	<p>Оқушылар доп лақтыра отыра сұрақ қояды, допты қағып алған оқушы жауап береді, достары көмекке келеіп толықтыруына болады. жұмыс жасайды</p>
----------------------------	--	--

Қосымша ақпарат

<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс</p>
--	--	---

<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>«Менің көңіл-күйім баспалдағы» Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған баспалдақтардың біріне жабыстырады. Баспалдақтар «Керемет!», «Өзіме сенімдімін!», «Жақсы», «Жаман емес», «Маған көмек керек!», «Білмеймін», «Нашар» деп аталады.</p>
---	--

<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1:</p>
--

2:

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

«Керемет!»

**«Өзіме
сенімдімін!»»**

«Жақсы»»

«Жаман емес»»

**«Маған көмек
керек!»»**

«Білмеймін» «Нашар»

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің «№3 орта мектебі»КММ

**Қалалық деңгейдегі Жаратылыстану-математика
пәндерінің семинары**

Пәні: Физика
Сынып: 7 сынып

Сабақтың тақырыбы: Деформация

Сабақ негізделген

**оқу мақсаты : 7.2.2.3 – пластикалық және серпімді
деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру**

Пән мұғалімі: Аяпбергенова Ж.О.

2017-2018 оқу жылы

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің «№3 орта мектебі»КММ

**Қалалық деңгейдегі Жаратылыстану-математика
пәндерінің семинары**

Пәні: математика
Сынып: 5 сынып

Сабақтың тақырыбы: Жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейту.

Сабақ негізделген
оқу мақсаты : Жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау.

Пән мұғалімі: Исмагулова А.М.

2017-2018 оқу жылы